

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ӘЛЕМІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ә. Н. Нысанбаев, С.Е. Нұрмұратов

«Жаһандану жағдайындағы шетел қазақтарының құндылықтық әлемінің жаңаруы» (2012-2014жж) зерттеу жобасының тұжырымдамасы қазіргі тарихи кезеңде барлық елдерде жаһандану құбылыстарының ауқымы мен әлеуметтік дүниенің жаңғыру мен жаңару үрдістері пәрменді түрде кеңейіп келеді. Жаңару процестері ұлт мәселесіне де қатысты көрініс беруде. Жалпы этникалық болмыста қордаланған күрделі мәселелерді шешумен әлемдегі және еуразиялық кеңістіктегі мәдениетаралық өзара қатынастардың тағдыры астасып жатады.

Көптеген елдердегі этносаралық және дінаралық қатынастар жаңа құндылықтық жүйелердің орнығуына байланысты күрделене түсуде. Сондай мағынадағы күрделі және өзекті мәселелердің қатарына «диаспора» құбылысының өзіндік көрінісін жатқызуға болады және ол практикалық тұрғыда ғылыми пайымдауды қажет ететін ерекше мәдени феномен. Жалпы біздің еліміз өзінің мәдени және көші-қон саясатында бұл мәселеге тек теориялық мағынада ғана емес, сонымен қатар соңғы уақытта проблеманың әлеуметтік-мәдени, рухани-практикалық қырларына, іс-шараларына үлкен мән беріле бастауда. Ұжымдық жұмыс осы күрделі мәселенің аксиологиялық сипатын анықтауға тырысады.

Жалпы кез келген халықтың өзінің адамзат тарихында толыққанды тарихи субъект ретінде әлеуметтік-мәдени мағынадағы ішкі ықпалдасу және ынтымақтасу проблемаларын зерделеуі этникалық дүниетанымдық көкжиекті кеңейту тұрғысынан алғанда маңызды қадам болып табылады. Бұл мәселе қазіргі тарихи кезеңде тек теориялық жағынан ғана емес, ол сонымен қатар практикалық жағынан да үлкен маңызға ие болып отыр, яғни қазақ этносы өкілдерінің қандай мемлекеттік аумақта өмір сүргеніне қарамастан этникалық өзіндік санасының сапасын төмендетпеуге тырысуы, тарихи бірлігін, күрделі жағдайларда әртүрліліктің біртұтастығын сақтауға талаптануы оның маңыздылығын арттыруда.

Шағын, яғни аз санды этникалық қауымдастық, әдетте өзінің мәдениетін, өркениеттік құндылықтарын сол өзі өмір сүретін ортада басымдық танытатын, яғни этномәдени басым идеялық рөл атқаратын тарихи субъектілердің ресми кеңістіктік заңдарына сәйкес қалыптастырады. Осы қатынастардан туындайтын ерекше заңдылықтар барлық диаспоралық қауымдастықтар үшін өмір сүру салтының ерекше сипатын анықтайды, ал қазақ диаспорасы осы өзара байланыстардан да шеттеп қалмайды. Осы тарихи кезеңге дейінгі шетелдерде және біздің елімізде этностардың құндылықтар жүйесін зерттеудің әртүрлі парадигмалары (үлгілері) пайда болды. Бұрын онша көңіл бөлінбей

келген аксиологиялық мәселелерді қарастыру өзектенен түсуде, міне осыған орай тақырыптың маңыздылығы зор.

Көптеген ғалымдар жалпы қоғамдағы ұлт мәселесіне ерекше назар аударып келген мамандармен біріге отырып, этникалық қауымдастықтардың әлеуметтік практикасын теориялық тұрғыда қарастырғанмен нақты аксиологиялық сипаттамалар беруге кейде жете назар аудармайды. Осыған орай шығармашылық топтың шетел қазақтарының өмірін, ондаған жылдар бойы қалыптасқан мәдени келбетін, құндылықтар әлемінің ерекшеліктерін қазіргі заманда ғылыми қолданбалы зерттеу тұрғысынан қарастырудың өзектілігі мол екені де түсінікті және оның қазіргі замандағы ғылыми-зерттеу басымдылығына күмән келтіруге болмайды.

Бұл ұжымдық жұмыстың мақсаты – жаһандану жағдайындағы қазақ диаспорасының құндылықтық-мағыналық әлемінің ерекшеліктерін кешенді түрде зерттеу және оны философиялық және этномәдени талдаудан өткізу болып табылады.

Мәселені тереңдеп зерттеуші ғылыми ұжымның алға қойған стратегиялық мақсатына сәйкес келетін ғылыми-зерттеу жобасының негізгі міндеттеріне төмендегі бағдарлар жатады:

1) алыс және жақын елдердегі шетел қазақтарының өмір сүру салтының этномәдени ерекшеліктері мен трансформациясын (өзгеруін) аксиологиялық талдаудан өткізу арқылы оның өзіндік ерекшеліктерін сипаттау;

2) қазіргі замандағы этникалық қауымдастықтардың рухани өміріне мәдени-философиялық талдау жасау, қазақ халқының дәстүрлі және қазіргі кезеңдегі қазақ мәдениетіндегі әлемді рухани игерудің айрықша қырларын ашып беру;

3) алыс және жақын шетелдегі қазақтардың этномәдени болмысының экзистенциалдық, құндылықтық, көркем-өнерлік және діни саналық қырларының құрылымын зерделеуден өткізу;

4) халықтың диаспоралық жағдайындағы өткенін, қазіргі кезеңдегісін және болашағын аксиологиялық мағынада байыптау, сонымен қатар осы тұрғыда этникалық қазақтардың әртүрлі елдердегі өзара қатынастарға сәйкес әлемді эстетикалық және көркем қабылдауының мағыналық және рәміздік қырларын ғылыми түсініктеу және дәйектеулер;

5) әрбір елдегі біртұтас мемлекет ішінде доминанта (басым идея) ұлттың және сонымен бірге өмір сүріп сүріп жатқан қазақтардың құндылықтық әлеміне тигізген әсерін, оның теріс және оң жақтарын сараптаудан өткізу жатады.

Этникалық мәдениеттердің өзіндік қырлары кездейсоқ қалыптаспайды ол әрбір этностың қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктеріне байланысты өрбіп отырады. Жалпы осы бағытта көрініс беретін қауымдастықтың этнопсихологиясы мен этномәдениетінің дамуының өзі әлеуметтік-тарихи жағдайлардың өзгеруінің нәтижесі болып келеді. Жоғарыдағы жүйелер әртүрлі мемлекеттік құрылымдарда және саяси режимдерде әр қилы сипатта байқалады және этникалық диаспоралардың өмір сүру салтында, құндылықтық әлемінде нақты деректермен танылып отырылады.

Қазақ халқының жалпы алғандағы рухани мәдениетін этикалық-аксиологиялық тұрғыдан талдау этникалық қауымдастықтың тұтастанған мағынадағы мәселелерін анықтау үшін маңызды. Қазақстан қазақ ұлты өкілдерінің өмір сүруі мен дамуының тарихи Отаны екені анық, дегенмен, сонымен қатар еуразиялық кеңістіктің көптеген елдерінде өзін ирредента, немесе автохтондық қауымдастықтың өкілі ретінде сезінетін қандастарымыз көптеп кездеседі. Мәселен, Ресей, Өзбекстан, Қытай жеріндегі қазақтардың ата-бабалары ежелден сол аумақтарды қоныстанғаны дәйек ретінде алға тартылады. Сондықтан, диаспоралық өзіндік санадағы кейбір қатпарлы күрделі құрылымдарды тереңдей пайымдауға тырысу мәселенің ғылыми объективтілікпен анықталуына жол ашады және этникалық сананың жарқын көрініс берген ерекшеліктерін нақты түсінуге көмек береді.

«Этностың рухани мәдениеті», «халықтың диаспоралық санасы», «қазақ диаспорасының құндылықтар әлемі» сияқты ұғымдардың мазмұны жаһандану жағдайында өзгеріп отыратындығы белгілі, сондықтан бұл тақырыппен ғылыми-зерттеу мағынасында айналысудың жалғасуы қажет екендігі жөнінде қорытынды жасауға болады. Ғылыми-практикалық мағынада шетел қазақтарының мәселелерімен айналысудың мәдени-философиялық, тарихи және социологиялық қарастырулардың қажеттіліктеріне күмән келтіруге болмайды. Бұл мәселелерді бағамдау түбінде олардың дамуын диахрондық және синхрондық қырлардан жүйелі түрде қарастыруға өзіндік тетік болары сөзсіз.

Зерттеу басталған ғылыми жобаның ауқымында қазіргі диаспоралық әлеуметтің әлемді рухани игеруінің сабақтастығын және құндылықтық өзгерулерін ашып берудің маңызы зор. Әрине, жақын елдердегі этникалық қазақтардың мәселелерінің практикалық қырларын анықтау бойынша біршама эмпириялық материалдар жинақталғаны белгілі (әсіресе, Ресей және Моңғолия қазақтары туралы мәліметтер еркін түрде және толыққанды жинақталады), бірақ дегенмен алыстағы елдерді қазақ қандастарымыздың құндылықтық әлемі туралы мағлұматтар кейде толық болмай жатады және олардың жеке тұлғаларының этникалық бірегейленуін анықтау бойынша ғылыми талдаулардың қажеттілігі мол.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі кезеңдегі жүріп жатқан этносоциологиялық процестер ерекше назар аудартады және оларды аксиологиялық және семиотикалық талдау, өтпелі кезең жағдайындағы этникалық өзіндік сананың дамуының әлеуметтік-мәдени заңдылықтарының жетекші үрдістерін анықтауға мүмкіндік береді. Жоспарланған қолданбалы зерттеудің ғылыми жаңалықтары - қазақ халқының этникалық әлемді қабылдауы мен мәдениетіндегі құндылықтық-мағыналық қырларын қазіргі әлеуметтік-мәдени шындықтың ерекшеліктеріне сәйкес және аксиологиялық талдау арқылы, сонымен қатар жаңа тарихи және мәдени-философиялық парадигмалар аясында анықтаумен байланысты.

Зерттеудің болашағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен ғылыми әлеуетіне сәйкес келеді және әлеуметтік-экономикалық және экологиялық, мәдени және танымдық қырынан тиімді,

себебі қазіргі кезеңнің талаптарына сай шетел қазақтарының этникалық әлемді түсінуінің қалыптасу ұстанымдары мен жалпы бағыттары анықталады. Әлемді рухани игерудегі құндылықтық бағдарлары айқындалады, қазақтардың ұлттық рухани әлемді қабылдауындағы мәдени-философиялық парадигмасы ашып көрсетіледі, жаһандану жағдайындағы этникалық әлемді пайымдаудың аксиологиялық қырлары анықталады.

Сонымен қатар, қазақ диаспорасы өкілдерінің қазіргі замандағы әлемді эстетикалық игеруінің ерекше белгілерін ашып көрсету үшін, оның өзіне тән ерекшеліктерін ғылыми байыптау қажет және сонда ғана эстетикалық құндылықтардың мағынасы нақтыланады

Елімізде қазақ диаспорасы мәселесі Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған кезеңінен бастап қазіргі кезеңге дейін белсенді түрде зерттеліп келеді. Кеңестік дәуірде ғылыми зерттеу нысанына жатқызылмаған жабық тақырыптардың қатарына жататын. Бұл мәселені ғылыми зерттеуге А.А.Айталы, А.К.Арғымбаев, К.Н.Балтабаева, Ә.Қара, З.Қинаятұлы, Г.Мендікұлова, Н.Мұхамедханұлы, Ә.Нысанбаев, С.Е.Нұрмұратов, Г.Г.Соловьева, М.Татимов және т.б отандық және шетелдік ғалымдар өздерінің қомақты үлестерін қосып келеді.

Сонымен қатар, шетелден қоныс аударып келген қандастарымыз еліміздің саяси және мәдени кеңістігіне белсене араласуы арқылы өздерінің құндылықтық әлемінен үнемі хабардар етіп отырады. Осы мәселені қоғамдық деңгейде үйлестіруде, ұйымдастыруда елбасы төрағалық ететін Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының сараптама жұмыстары үлкен рөл атқарады. Ұжымның тақырыпты орындаушылары осы қауымдастықпен біріге отырып ғылыми конференциялар мен ғылыми экспедицияларды ұйымдастыруды жоспарлап отырғанын атап өтуге болады.

Қазақ халқының, оның диаспорасының этникалық мәдениетінің мәселелері қазақстандық философтардың, әдебиеттанушылардың, мәдениеттанушылардың, өнертанушылардың және тағы басқа гуманитарлық білім саласының мамандарының еңбектерінде қарастырылған. Осы мағынада төмендегідей еңбектерді атап өтуге болады: ұжымдық монография болып табылатын «Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі» (Астана, 2005) мен «Еуразиялық интеграция және қазақ диаспорасы» (Алматы, 2007) сияқты еңбектер, С.Е.Нұрмұратовтың «Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау» (Алматы, 2000), Ә.Нысанбаевтың «Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм.» (Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011) 2-кітап, және «Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі» (Алматы, 2011), З.Қинаятұлының, «Моңғолиядағы қазақтар» (Астана, 2001), Қ.И.Қобландин мен Г.М.Мендікұлованың «Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы», З.Н.Сарсенбаеваның «Этнос и ценности» (Алматы, 2009) және т.б. жатады. Жалпы шетелдегі қазақтардың рухани және материалдық мәдениетінің мәселелерін белсенді зерттеулерге қарамастан қазақтардың жаһандану жағдайындағы құндылықтық-мағыналық әлемі туралы қолданбалы мағынадағы зерттеулердің жеткіліксіз екенін атап өтуге болады.

Зерттеу әлемдік және отандық тарих, саясаттану және философия ғылымдарының әдіснамалық жетістіктеріне негізделеді. Этникалық танымның құндылықтық-мағыналық негіздері жаһанданудың, тарихи дамудың және қоғамдық сананың әртүрлі формаларының қатынастарының ерекшеліктерін ескере отырып және нақты тарихилық пен салыстыру тәсілінің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы анықталады. Біздің зерттеуіміздің тақырыбын ашып беру үшін батыстық және шығыстық дүниетанымды салыстыруға жүгінген еңбектер (Л.Н. Гумилев, А.Х. Қасымжанов, М.Т. Степанянц және т.б.), сонымен қатар дәстүрлі қазақтың философиясының категорияларын қарастырған шығармалар (А.Айталы, Г. Ғарифолла Есім, Т.Х. Ғабитов және т.б.) жатады. Ұсынылған қолданбалы зерттеудің ерекшелігі мен пәні ерекше әдіснаманы іздеудің қажеттілігін алға тартады. Сондықтан, бұл қолданбалы ізденіс кешенді зерттеудің қатарына жатады және ол соңғы жылдарда жарық көрген тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, мәдениеттану, демография сияқты пәндердің ғылыми жетістіктеріне сүйенеді.

Бұл ғылыми-қолданбалы зерттеудің қорытындылары бойынша төмендегідей ғылыми-практикалық сипаттағы нәтижелер алынады:

1) шетелдегі қазақ диаспорасы өміріндегі этникалық болмыстың даму заңдылықтары ашып көрсетіледі, оның ең өзекті мәселелері анықталып, олардың оңтайлы шешу жолдары ұсынылады, қазақ диаспорасының рухани дамуы стратегиясы жаһанданудың соны талаптарына сәйкес анықталады;

2) біртұтас қазақ халқының құрамдас бөлігі болып саналатын алыс және жақын шетелдегі қазақ диаспорасының этникалық болмысының үрдістерін болжау және оның ерекше сипаттағы дүниетанымдық негіздемелерін, концептуалдық-әдіснамалық ұстанымдарын және байланыс құралдарын ғылыми пәнаралық талдау арқылы қарастырылады;

3) қазақ диаспорасының этникалық әлемінің дәстүрлі және қазіргі кезеңдегі рухани сабақтастығы қисындық тұрғыдан дәйектеледі, сонымен қатар қазақтың дүниетанымы мен мәдениетіндегі әлемді рухани игерудің ерекше белгілері зерттеліп, қазақ мәдениетінің қазіргі замандағы басымдық танытатын құндылықтары сараптаудан өткізіледі;

4) үкіметтік жоғарғы органдарға ғылыми-практикалық, яғни сараптамалық ұсыныстар жасау мақсатында қазіргі кезеңдегі ұлттың бәсекелестікке қабілеттілігін қамтамасыз етуге қызмет ететін этникалық болмыстың философиялық, аксиологиялық, практикалық мағынадағы өзекті құбылысының қолданбалы қырлары анықталады;

5) шетелдерден өздерінің тарихи отандарына оралған оралмандардың құндылықтар жүйесі мен іштегі қазақ ұлтының құндылықтар жүйесі арасында сәйкессіздік анық байқалады, оны болдырмаудың жолы біртұтас ұлттық идеяны қалыптастыру екені дәйектеледі.

Қолданбалы зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылықтары төмендегідей болып келеді: алыс және жақын шетелдегі қазақтардың әлемді рухани игеруінің құндылықтық және мағыналық ерекшеліктері этно-мәдени этнопсихологиялық талдаудың негізінде анықталады және қазіргі

қазақстандық қоғамдағы азаматтарды төзімділікке, өзара түсінісу мен сыйластыққа тәрбиелеу мәселесін өрбіту және оны мәдениетаралық әрекеттесу мен ықпалдасу арқылы дамытудың ғылыми сипаттамасы беріледі.

Ғылыми-қолданбалы зерттеу жобасының практикалық нәтижелерін білім беру саласының барлық деңгейіндегі оқу-тәрбие жұмысында, толеранттықты жастар арасында насихаттау барысында кеңінен қолдануға болады. Басқару органдарына аналитикалық жазбахаттық талдау ретінде ұсынылуы зерттеу нәтижелерін практикаға ендірудің ерекше жолы болып табылады. Зерттеудің аралық нәтижелері ғылыми мақалалар, ғылыми конференциялар мен семинарлардағы баяндамалар, газет және журналдағы жарияланымдар, Қазақстан Республикасының теледидары мен радиосындағы пікірсайыстар түрінде көрініс беруі мүмкін.

Ғылыми зерттеудің нәтижелерінің бәсекелестікке қабілеттілігі орындаушылардың жоғары біліктілігімен қамтамасыз етіледі, олардың ғылыми ізденістері, іргелі және қолданбалы зерттеу тәжірибесі қазіргі қазақстанның қоғамдық дамуына, жобаны сәтті орындауға негіз болады деген ойдамыз.

Барлық зерттеушілер өздерінің ғылыми жоба бойынша алға қойған мақсаттарын анықтап алады. Сондықтан, ғылыми жобаның жалпы мақсатын практикалық мағынада жүзеге асыру үшін тиісті қаржыландыру керек. Ғылыми зерттеу бойынша бірнеше іссапарлар еніп отыр. Олар төмендегідей елдер мен қалаларды қамтиды: Копенгаген (Дания), Стамбул (Түркия), Орынбор (РФ), Ташкент (Өзбекстан), Үрімші (Қытай), Ұланбатыр (Монголия). Сонымен қатар жоғарыдағы зерттеудің нәтижелерін жинақтаған ұжымдық монографияны жарыққа шығару сияқты іс-шаралар да жобаның аяқталу мерзімінде болашаққа жоспарланып отыр.

Ғылыми зерттеудің теориялық негіздемелерін анықтау, оған тікелей қатысты әдебиеттерді сыни талдау, тақырыпқа жақын ізденістердің жалпы концептуалдық бағдарын талдаудан өткізу, оның логикалық кейпі мен даму тарихын, теориялық негіздерін байыптау күрделі және жауапты міндет. Осы бағыттағы ізденістер ұжымдық еңбекте негізінен шетел қазақтарының дүниетанымдық бағдарларының идеялық, танымдық терең құндылықтық бастауларын анықтаумен тікелей байланыстырылады.

Әлеуметтік өмірдің барлық саласындағы жаңару кезеңіндегі этникалық қазақтардың құндылықтық әлеміндегі өзгерістерді ғылыми сараптау қазіргі жаһандану жағдайындағы қазақ диаспорасының әлеуметтік-психологиялық сипаттамасын жасаумен астастырылады. Егер қазақ диаспорасы кең тараған елдердің ішінде өзектене түскен проблемалардың өзіндік құндылықтық жіктемесін жасайтын болсақ, онда алдымен тіл мәселесі алға шығады. Қазіргі кезеңде шетелдерде қазақ диаспорасы өкілдерінің өз этникалық тілінде жас ұрпағын мектептерде оқытуға мүмкіндіктер азая бастауда. Мәселен, осындай жағдай үрдіс ретінде Қытай, Ресей, Өзбекстан сияқты қазақ диаспорасының кең тараған елдерінде байқалады. Ресей сияқты үлкен елде бір миллиондай қазақ ұлтының өкілдері өмір сүріп жатса, онда қазақ мектептерінің саны қазіргі кезеңде екеу-ақ болып отыр.

Шетелдегі қазақтардың этникалық ділінің ерекше белгілерін бағамдау негізінен нақты тарихилық және салыстырмалы талдау ұстанымдары арқылы анықталады. Себебі әрқилы елдегі жағдайлардың өзіндік ерекше сипаттары бар екенін ескерген жөн. Мәселен, Қытай елі басқа елдерге қазақ ұлтының өкілдерін (басқа ұлт өкілдеріне қатысты да) елімізде азаматтық алған жағдайда ғана өзіндегі азаматтықтан шығара алады екен. Осындай құқықтық тұрғыда сәйкес келмейтін халықаралық қатынастық қайшылықтар дұрыс шешімін тапқанда ғана көші-қон мәселесінде сапалы өзгерістер болары хақ.

Қазақ диаспорасының өзіндік санасының дамуы аясындағы рухани сабақтасу мәселесін қарастыру да маңызын арттырып отыр. Себебі, шетелдегі қазақтар арасында ұлттық мәдениетіміздің төлтумалық мәйегі сақталған. Қазіргі қазақтардың мәдениетінің тарихи бастаулары негізінен елімізде қордаланып отырғаны белгілі және осы тұрғыдан алғанда «тарихи Отан» деп аталатын ресми мекенмен шартараптағы қандастарымыздың рухани және мәдени қатынастарын тереңдете түсу мәселесі жаңа қырларын танытуда. Мәселен, көптеген этнологиялық күрделі мәселелердің терең астары мен шешімі осы өзара байланыстарды дамытуда жатыр. Сондықтан, зерттеу аясында қайшылықты мәселелер толығымен анықталады.

Сонымен, ұжымдық жұмыста алғашқы рет қазақ халқы мен түркі қауымдастықтарының мәдени болмысының өзара тарихи байланысын көрсету арқылы қазіргі әлемдегі қазақ диаспорасының этникалық әлемінің аксиологиялық портреті жасалады. Мәдениетаралық өзара әрекеттесу аясындағы түркілік әлемнің рухани өзіндік біртұтастығы анықталады.

Резюме

Нысанбаев А.Н., Нурмуратов С.Е. Особенности ценностного мира зарубежных казахов

В данной статье на основе аксиологического подхода определяется особенности этнокультурного мира зарубежных казахов. Культурно-философское рассмотрение духовной жизни этнических диаспоральных сообществ, а также традиционные и современные аспекты миропонимания казахского народа, осмысливаются в парадигме динамично изменяющегося мира.

Summary

Nysanbaev A.N., Nurmuratov S.E. Features of the values of the world foreign Kazakhs

The article is devoted the axiological approach on particular ethno-cultural world of the foreign Kazakhs. The cultural and philosophical consideration of their as an spiritual life of ethnic diaspora communitty as well as traditional and modern aspects of world view of the Kazakh people are reflected in the paradigm of dynamically changing world.